

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің №2 мәжілісі**

Түркістан қаласы

22 қаңтар 2021 жыл

Онлайн режимде, сағат 16:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -22 адам.

Шақырылғандар: Тізім бойынша 4 адам.

Мәжілісті онлайн режимде Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, сапа бойынша басшылық өкілі Ш.Есимова жүргізіп отырды.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Әлемдік рейтингтерге (QS, THE, GreenMetric, Webometrics) қатысуды ұйымдастыру туралы;
2. Отандық рейтингтік агенттіктерде институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысуды ұйымдастыру туралы;
3. 2020-2021 оқу жылының ішкі және сыртқы аудит мәселелері туралы;
4. Әр түрлі мәселелер:
  - 4.1 Стратегиялық даму жоспарының 2020-2021 оқу жылының 1-жарты жылдық көрсеткіштерінің орындалуы жөнінде;
  - 4.2 Факультеттердің индикативті жоспары есебінің үлгісі жөнінде;
  - 4.3 Қауіп қатерлер мен тәуекелдерді басқару жұмыс нұсқауы бекіту жөнінде.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова әлемдік QS, THE, GreenMetric, Webometrics рейтинг агенттіктеріне жеке-жеке тоқталып, олардың бағалау критерилері жөнінде мәжіліске қатысушылармен қысқаша мәлімет бөлісті. Университетіміздің QS рейтинг агенттігінің негізгі рейтингіне қатысуды қамтамасыз ету үшін өткен оқу жылы хаб сатып алғанын, былтырғы оқу жылында жүргізілген жұмыстар биылғы оқу жылында да жалғасуы керек екенін тілге тиек етті. Сонымен бірге, комитет төрайымы QS агенттігіне қатысу мақсатында университеттің әлемдік рейтингте позициясын жоғарлату және академиялық-жұмыс берушілер репутациясын арттыру бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспарының *(қосымша тіркелді)* университет ректорының бекіткенін, ол бойынша жауапты басшылар, құрылымдық басшылар, факультет декандары мен факультеттердегі жұмыс топтарына жауапкершіліктің күшейтілгенін атап айтты. Одан әрі комитет төрайымы QS агенттігіне қатысу критерилері, академиялық эксперттер мен жұмыс берушілерді қатыстыру, QS хабына салынатын университет мәліметтерін жаңарту жөнінде университет мәліметтерін таныстыру және талдау жасау үшін университеттің Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаевқа сөз берді. Орталық басшысы QS агенттігі бойынша жоғары межелі орындардан көріну университетіміз үшін аса маңызды екенін айтып, қазіргі уақытта жүріп жатқан іс-шаралар ретімен таныстырды. Барлық факультеттерге академиялық эксперттер мен жұмыс берушілердің мәліметтерін жинаумен айналысатын жұмыс топтары құрылғанын, факультеттердің әлеуетіне қарай эксперттерді қарам-қатынас жасау жүктелгенін айтты. Академиялық эксперттер мен жұмыс берушілер мәліметтерін тіркеу үшін бұрын факультеттерге жіберілген кесте түріндегі үлгінің *(қосымша тіркелді)* толтыру рәсімін нақты түсіндіріп өтті. Сонымен бірге QS сайтының тіркелу мәзіріне кіріп академиялық эксперттер мен жұмыс берушілердің тіркелу үлгісін онлайн түрде көрсетті. Университет басшылығының тапсырмаларына сәйкес QS әлемдік рейтинг агенттігіне университеттің

барлық оқытушы-профессорларының тіркелуі тиіс екенін де хабарлады. Сонымен қатар әр оқытушы 15 академиялық эксперт және 15 жұмыс беруші тауып хабарласуы тиіс екенді жөнінде де айтылды. Онлайн жиналысқа қатысушылар университет басшылығы қойған мақсаттармен келісетінін, университеттің одан әрі таныла түсуі үшін әлемдік рейтинг агенттіктерімен байланыстардың нығайтылуын қолдайтындықтарын білдірді.

**Шешім:**

QS Әлемдік рейтингіне эксперттерді тіркеу және сауалнамаға қатыстыру жұмыстары факультеттерде белсенді ұйымдастырылсын. Әр ОПК-ны 15 академиялық және 15 жұмысберуші эксперттерді сауалнамаға қатыстыру міндеті факультет декандарына жүктелсін.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова еліміздегі Ұлттық рейтинг агенттіктерімен жалпы таныстырып, отандық ЖОО оқу орындары арасында институционалдық рейтинг пен білім беру бағдарламалары бойынша жоғары межелерден көріну университеттің басты мақсаттарының бірі екенін, ол Стратегиялық даму жоспарында да көрсетілгенін баса айтты. Одан әрі ұлттық рейтинг бойынша сөзді Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаевқа берді. Орталық басшысы өз сөзінде университетіміздің 2017 жылға дейін БСҚА (Нұр-Сұлтан) агенттігіне институционалды және білім беру бағдарламалары бойынша қатысып келгенін, 2018 жылдан бастап НААР (Нұр-Сұлтан) агенттігі ұйымдастырған білім беру бағдарламалары бойынша рейтингке қатысқанын, бұл агенттіктің критерилері бойынша институционалдық рейтинг нәтижесі білім беру бағдарламаларының рейтингі кестесі бойынша шығатынын айтты. Сонымен қатар қаржы мәселесіне байланысты жыл сайын 20-ға дейінгі білім беру бағдарламаларының рейтингке қатысқанын және бұл көрсеткіштің біздің университетіміз үшін аз екенін айтты. Орталық басшысы 2012-2020 жылдары ұлттық рейтингтерге қатысқан барлық мамандықтардың алған орындары, олардың жеңіп алу мүмкіндіктері жөнінде арнайы кесте түрінде (қосымша тіркелді) мәжіліске қатысушыларды хабардар етті. Сонымен бірге осы оқу жылы университеттің 51 бакалавриат, 38 магистратура, 11 докторантура (*БББ қосымша тіркелді*) білім беру бағдарламаларын ұлттық рейтингке қатыстыру керек екенін және көбірек қатысу көбірек жүлделі орындарға ие болу мүмкіндігін кеңейтетінін, ең бастысы институционалдық рейтингте бағаланатынын баса айтты. Орталық басшысы сонымен бірге рейтинг агенттіктері АРТА (НААР) және БСҚА (НАОКО) ұсынған білім беру бағдарламаларының қатысу санына есептелген қатысу жараналарын кесте түрінде (*қосымша тіркелді*) көрсетіп, көп мамандықтарды қатыстыру қаржы тұрғысынан да тиімді екенін айтты. Онлайн мәжіліске қатысушылар ұлттық рейтинг агенттіктеріне университеттегі мүмкіндігі мол балам беру бағдарламаларының барлығын қатсы қолдайтындықтарын білдірді.

**Шешім:**

“Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі” мен Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің институционалды және бағдарламалық рейтингіне 51 бакалавриат, 38 магистратура, 11 докторантура, университеттің жалпы 100 білім беру бағдарламаларын қатыстыру ұйымдастырылсын. Агенттікке өткізілетін көрсеткіштердің дұрыс рәсімделуі факультет декандары тарапынан қатаң қадағалансын;

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі 2020-2021 оқу жылының ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университетімізде сапа менеджменті жүйесі 2006 жылғы енгізілгеннен бастап басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету бағытында өз жемісін беріп, жақсарып жатқан жүйе екендігін, университетіміздің ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкес сертификатқа ие екендігін және жыл сайын университетімізге Түрік Стандарттар институтына (Анкара) бақылау аудиті өтіп жүргенін хабарлады. Алайда,

дүниежүзілік пандемияға байланысты карантиндік шектеу кезеңінде оның мүмкін еместігін жиналысқа қатысушыларды хабардар етті. Онлайн жиналысқа қатысушыларға ТСИ агенттігімен электронды пошта арқылы байланысқан хаттар реті *(қосымша тіркелді)* көрсетілді және карантиндік шектеулерге байланысты сыртқы бақылау аудитінің белгісіз мерзімге шегерілгенін хабардар етті. Сонымен бірге ISO 9001:2015 стандарттарының талаптарына сәйкес университет құрылымдарында ішкі аудит жүргізілуі тиіс екенін айтты. Университетіміздің желтоқсан айында Білім және ғылым министрілігі тарапынан келген №719 бұйрыққа сәйкес барлық академиялық құрылымдарды комиссия тексергенін, факультеттер мен кафедралардың құжаттары жүйеге келтірілгені туралы да сөз қозғалды. Орталық басшысы университетте академиялық емес құрылымдарға ішкі аудит жоспарланғанын және кесте түріндегі ішкі аудит кестесінің жобасын көрсетті *(қосымша тіркелді)* және қазіргі кезеңдегі университеттің ішкі аудиторлар құрамымен де *(қосымша тіркелді)* таныстырды.

#### **Шешім:**

1. 2020-2021 оқу жылының ІІ жартыжылдығында университет құрылымдарында ішкі аудит өткізу кестесі бекітуге ұсынылсын;

#### **Әртүрлі мәселелер:**

4.1. Стратегиялық даму жоспарының 2020-2021 оқу жылында факультеттер бойынша 1-жартыжылдық көрсеткіштерінің орындалу есептері жөнінде Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж. Дарибаев бұл мәселенің университеттің Академиялық комитет мәжілісінде де жоспарланғанын, алайда, кейбір факультеттердің есептері толық болмауына байланысты кейінгі қалдырылғанын сөз етті. Орталық басшысы осы мәжілісте факультеттер есебінің кейбір келеңкелі тұстарын айтып өтті. Инженерия, жаратылыстану, спорт және өнер, филология факультеттерінің есептері оқу жылының басында қабылданған индикативті жоспар көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін индикаторлары *(қосымша тіркелді)* факультет декандарына көрсетілді. Индикативті жоспарларда көрсетілген көрсеткіштердің оқу жылының соңында толыққанды талдау жасалатыны жөнінде айтылып, есеп дайындаудың аса маңыздылығын атап өтті. Сөз соңында орталық басшысы Стратегиялық даму жоспарының 2020-2021 оқу жылында факультеттер бойынша 1-жартыжылдық көрсеткіштерінің орындалу есептерінің назарға алынуын ұсынатынын айтты.

#### **Шешім:**

Стратегиялық даму жоспарының 2020-2021 оқу жылы бойынша факультеттердің 1-жарты жылдық көрсеткіштерінің орындалуы есебі назарға алынсын.

4.2 Факультеттердің индикативті жоспары есебінің үлгісі туралы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж. Дарибаев университетте факультеттердің, кафедралардың және оқытушы-профессорлар құрамының оқу жылы бойынша индикативті жоспарлау жүйесі жолға қойылғанын, алайда есеп беру үлгісінің әртүрлі болып келе жатқандығын айтты. Индикативті жоспарда академиялық, ғылыми және басқа (тәрбие, спорт, мәдени) бағыттар көрсеткіштері бойынша жоспарланатынын, факультеттердің осы айтылған салалар бойынша сала бойынша әр департементтерге есеп беретінін, сондықтан бір құжат түрінде жүйелі жолға қою қажеттігін түсіндірді.

Сонымен бірге индикативті жоспардың есебінің үлгісі (Ф-ОБ-001/216), *(қосымша тіркелді)* таратылғанын баса айтып және онлайн түрде үлгіні көрсете отырып жиналысқа қатысушыларға өз пікірлерін білдіруді сұрады. Гуманитарлық факультетінің деканы С.Абжалов өз сөзінде басқа есеп беру үлгілері жойылып, бір үлгі түрінде болса қуантарлық екенін және бұл үлгіні құптайтынын айтты. Әлеуметтік ғылымдар факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Г.Тұрысбекова қайталайтын құжат сұрату көп екенін, есеп беру үлгілері бір жүйеге, бір құжатқа негізделсе деген өз ойын жеткізді.

**Шешім:**

Факультеттердің индикативті жоспарының есебінің үлгісі ұсыныстар мен толықтыруларды негізге ала отырып, бекітілсін.


4.3 Қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді басқару жұмыс нұсқауы туралы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университетімізде сапа менеджменті жүйесі университетміздің ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкес сертификатқа ие екендігін, аталған стандарттың 6.1 бабы қауіп-қатерлер мен тәуекелер бойынша нақты құжаттамаға негізделуі қажеттігін айтты. Қауіп-қатерлер университеттің барлық құрылымдарында жоспарлануы, журналдарға тіркелуі және есеп талап ететіндігі айтылып, аталмыш құжаттар осы жұмыс нұсқауының қосымшаларында келтірілгені туралы да баса айтылды. Қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді жою немесе азайту жауапкершілігі құрылым басшысына жүктелетіні, ұдай қадағалануы тиістігі туралы да баса айтылды. Сөз соңында орталық басшысы ұсынылған жұмыс нұсқауын бекітуіді сұрады.

**Шешім:**

Университеттің Қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді басқару (ЖН ХҚТУ-6.1-2021) жұмыс нұсқауы бекітілсін.

Комитет төрайымы

Комитет хатшысы



Ш.Есимова

Т.Кошербаев